

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Тану. 2-бөлім





Шартты түрде тану

Шартты түрде тану тәжірибесінен танудың саяси табиғатын анық байқауға болады. Әңгіме, танудың белгілі бір шарт-талаптарға тәуелді болуында. Мысалы, XIX ғасырдың соңында Балқан түбегіндегі мемлекеттерді тану үшін сол мемлекеттерге діни азшылық топтармен жақсы қарым-қатынас орнату талабы қойылды. Мұндай көзқарастың тағы бір кеңінен танымал мысалы – 1933 жылғы Литвино келісімі. Келісімге сәйкес, АҚШ Кеңес үкіметін АҚШ әскерінің ішкі қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекеттерге бармау және бұған дейінгі қаржылық дауларды реттеу туралы талап қоя отырып мойындады.

Дегенмен қойылған талаптардың бірі бұзылса, тану мәлімдемесінің күші жойылмайды. Талапты бұзу халықаралық құқықты бұзу болып саналып, саяси салдар туындауы мүмкін. Осы орайда, шартты түрде тану ұғымы құқыққа жат екенін айта кеткен жөн. Шартты түрде талап қою толықтай нақты екі жақты келісімдерге тәуелді.

Алайда шартты түрде тануды жалпы танудың критерийлерінің дамуынан ажырата білу керек. Себебі бұл екеуі іс жүзінде қатар кездесуі мүмкін.

Ұжымдық тану

Ұжымдық танудың пайдасы туралы жиі айтылады. Ол халықаралық ұйымның негізінде халықаралық шешім қабылдау арқылы жүзеге асады. Бұл халықаралық қауымдастықтың өз мүшелеріне бақылау орнатудағы маңыздылығын білдіреді. Сондықтан да болар, танудың осы түрін барлығы бірдей жылышыраймен қабылдай бермейді, мақұлдай бермейді және жақын келешекте қолданылу мүмкіндігі де көрінбейді. Танудың бұл түрі алғаш рет Ұлттар Лигасы құрылған кезде талқылана бастады. Кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған кезде де қайта көтерілді. Бірақ бұл ұйымға мүше мемлекеттер тану мәселесін өздерінің атқарушы билігінің құзыретіне қалдыруды жөн көретіні және құқығын қандай да бір халықаралық ұйымның құзыретіне тапсырғысы келмейтіні тез арада-ақ белгілі болды. Жалпы, «мемлекеттің Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне қабылдануы оның мемлекеттілікке қойылатын талаптарға сай екеніне дәлел болады» деген түсінік бар. Бірақ бұл дәйек ешбір мемлекет үшін міндетті емес, яғни БҰҰ-ға мүше мемлекет басқа мүше-мемлекетті немесе үкіметті танудан бас тартуға құқылы.

Танудың күшін жою

Кейбір жағдайларда тану туралы жасалған мәлімдеменің күші жойылады. Әсіресе де-факто танудың күшін жою оңайырақ.

Себебі де-факто тану – нақты мән-жайды уақытша бағалау сипатындағы, әсіресе мәлімдеме. Де-факто танылған үкімет мемлекет территориясындағы билігінен айрылса, оны танудың қажеті болмай қалады да, танудың күші жойылады, яғни де-факто тану саяси мән-жайды алдын ала қабылдау болып табылады, сондықтан саяси факторлар өзгерген кезде күші жойылуы мүмкін.

Ал де-юре тануға келсек, ол шешуші сәт, этап болып табылады. Сондықтан оның күшін жою қиынырақ.

Әрине, Де-юре танылған үкімет құласа, мемлекетте жаңа жағдай қалыптасып, билікке жаңа келген үкіметті тану мәселесі туындайтыны анық. Ондай кезде алдыңғы үкіметті танудың күші автоматты түрде жойылады, бірақ оның күші жойылатыны туралы ашық мәлімдеме жасаудың қажеті жоқ, себебі бұл үкімет әлі де билік үшін күресіп жатуы мүмкін. Тәжірибеде бір үкіметті мойындағанмен, жаңасын мойындаудан бас тартатын кездер де болады. Мысалы, Ұлыбритания мен Франция 1979 жылы Камбоджа үкіметіне қатысты осылай жасады. Бірақ қазіргі кезде Британия саясатында тануға қатысты жаңа ұстаным қабылдады. Британия үкіметі ендігі жерде ешқашан үкіметті тану немесе танудың күшін жою туралы мәлімдеме жасамайтынын жариялаған.



Басқа кездерде танудың күші жойылуы айрықша жағдайда болмаса, кездесе бермейді. Ұлыбритания 1936 жылы Италияның Эфиопияны басып алғаннан кейін сол жерде құрылған үкіметті де-факто танып, екі жылдан кейін де-юре таныған. Бірақ 1940 жылы Италияны танудан бас тартып, әскери әрекетті күшейтіп, жергілікті қарсылық отрядтарына көмек беруге көшті.

Эфиопияны Италияның оккупациялауы 1941 жылдың көктемінде Ұлыбритания Африка колонияларынан жасақталған қосалқы күшпен елді азат еткенше жалғасты. М. Шоудың айтуынша, әдетте екінші тарап жеңілген кезде соғысушы тараптардың статусы өздігінен анықталады, жеңілген тарап мемлекеттілікке қойылатын талаптарға сай болмай қалуы тануға ықпал етеді.

1979 жылы АҚШ-тың Қытай Халық Республикасын Қытайдағы жалғыз заңды үкімет ретінде тануы Қытай Республикасын (Тайваньды) танудың күшін жоюмен бірге жасалғанын айта кетейік. Мұны Құрама штаттардың сыртқы қарым-қатынасындағы формалды әрекетіне сай Тайваньда енді үкімет жоқ саналады деп түсіндірді.

Дегенмен танудың күшінің жойылуы АҚШ-тың ішкі құқықтық нормаларын Тайваньға қатысты қолдануын тоқтата қоймады. Басқаша айтқанда, әдетте танудың күші жойылған кезде туындайтын салдарлар болмаған, бұл тек формальдылық деңгейіндегі әшейін әдейі ойластырылған саяси акт ретінде орын алды. М. Шоудың өзі тану тақырыбы соншалықты күрделі мәселеге айналғанын айтып отыр.

Әдетте қандай да бір үкіметтің іс-әрекетіне наразалық білдірудің жолы – онымен дипломатиялық қатынасты үзу. Бұл ортадағы қырғиқабақ қатынасты ашық білдіреді. Мәселен, 1927 жылы Ұлыбритания мен КСРО арасында, ал 1967 жылы АҚШ пен бірқатар араб мемлекеттері арасындағы дипломатиялық қатынас үзілді. Бірақ бұл шаралардың ешбір құқықтық салдары немесе мемлекетті танудың күшін жою сияқты салдары болған жоқ. Осы себепті, М. Шоу дипломатиялық қатынасты үзу мен танудан айнып қалу, бас тартуды шатастырмау қажет деп есептейді.

Тану, түптеп келгенде, саяси мәселе, сондықтан құқықтық тұрғыдан қаншалықты шектелген немесе шартты түрде болса да, танудың күшін жою түп негізінде мемлекеттің нақты мән-жайды танудың күшін жоюға негіз ретінде алынуы ықтимал, мемлекеттің саяси мүддесіне байланысты қабылданатын шешім.

Танудан бас тарту

1930 жылдардан бері танудан бас тарту доктринасы дамып келеді. Малколм Шоу өз кітабында аталмыш доктринаға мынадай анықтама береді:

«Бұл доктринаға сәйкес кейде белгілі бір территориядағы нақты жағдайдың, яғни жаңа мемлекеттің немесе үкіметтің пайда болуы, моральдық және құқықтық тұрғыдан дұрыс еместігіне қарсылық ретінде оны тартудан бас тартуға болады. Бұл доктрина құқыққа қайшы, яғни заңсыз іс-әрекеттен құқық туындамауы тиіс (*ex injuria jus non oritur*) деген қағидатқа негізделген.

Бұл көзқарас 1931 жылы Жапония Маньчжурияға басып кіргенде басшылыққа алынды. 1932 жылы АҚШ мемлекеттік хатшысы «заңсыз басып кіруді тануға болмайды, өйткені ол соғысты мемлекеттік саясаттың құралы ретінде қолдануға тыйым салған 1928 жылғы Париж пактісіне қайшы» деп мәлімдеді.

Кез келген жайтты, шартты, келісімді танудан бас тарту доктринасы осы теорияны жасаған, АҚШ мемлекеттік хатшысының есімімен Стимсон доктринасы деп аталады. Кейінірек «Ұлттар Лигасының Ассамблеясына мүше-мемлекеттер Ұлттар Лигасының конвенциялары мен Париж пактісіне қайшы келетін кез келген жайтты, шартты, келісімді танудан бас тартуға тиіс» деген қарар қабылдап, бұл доктринаның ықпалын ұлғайта түскен.

Дегенмен мемлекеттердің Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі практикасы, яғни дүние жүзіндегі қырғиқабақ соғыс, бір-бірінің территориясын басып алу – бұл доктринаның іс жүзінде орындалатынына аса сендіре қоймағаны рас.



Доктрина 1945 жылдан кейін қайта қаралды. БҰҰ жарғысымен қарулы күштерді немесе қарулы күштер қатерін мемлекеттің территориялық тұтастығына қарсы қолдануға тыйым салынды. 1949 жылғы Мемлекеттердің құқықтары мен міндеттері туралы декларацияда қарулы күштерді немесе қарулы күштер қатерін қолдану арқылы, сондай-ақ, халықаралық құқық пен тәртіпке қайшы келетін басқа да жолдармен басып алынған территорияны танудан бас тарту қажет екені айтылған. Ал 1970 жылғы Халықаралық құқық қағидаттары декларациясында да қарулы күштерді немесе қарулы күштер қатерін қолдану арқылы басып алынған территорияны танудан бас тарту туралы норма бар.

Мемлекетті танудан бас тартудың бірнеше мысалын келтіруге болады. Мысалы, Родезия 1965 жылғы қарашада тәуелсіздігін біржақты жариялағаннан кейін, оны ешбір мемлекет ресми түрде таныған жоқ. 1974 жылғы төңкеріске дейін ол Оңтүстік Африка Республикасы мен Португалиямен дипломатиялық қатынаста болғанына қарамастан, ол тәуелсіздігін жариялаған сәттен екі жыл бойы ешбір мемлекет оны мойындамады. Родезия тәуелсіздігін жариялаған күннің ертеңіне БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі бұл Родезияны танудан бас тартуға және оған көмек бермеуге шақырған резолюция қабылдады.

Қауіпсіздік Кеңесі Родезияға алдымен экономикалық мандаттық санкциялар, кейін жан-жақты санкциялар салды. Оңтүстік Африка Республикасының территориясында байырғы қара нәсілді халық үшін резервация ретінде қолданылған Бантустанға қатысты да дәл осындай шаралар қабылданды.

Сондай-ақ, Қауіпсіздік Кеңесінің 1983 жылы 541-қарарын қабылдау арқылы Түркияның 1974 жылы Кипрдің бір бөлігін басып алуына қарсылық білдірді. Түрік Кипрі мемлекетін «құқықтық тұрғыдан жарамсыз» деп атады. 1990 жылы Қауіпсіздік Кеңесінің 662-қарары қабылданды. Мұнда Ирактың Кувейтті аннексиялауы «құқыққа қайшы» деген мәлімдеме жасалып, мемлекеттер мен институттарды бұл аннексияланған жерлерге Ирактың құқығын танудан бас тартуға шақырды. Халықаралық құқықтың нормасын бұзу арқылы басып алынған территорияға құқығын танудан бас тарту қағидаты Босниядағы агрессиядан кейін жасалған, Мемлекеттердің Брчко ауданындағы шегарасы туралы шешімде де көрініс тапты.

Танудан бас тартудың санкция мен қысым көрсету құралы, сондай-ақ, жәбір көріп отырған тұрғындарды қорғаудың әдісі ретінде қолданылады. Бұл Халықаралық сот 1971 жылы Намибия (the Namibia) ісін қараған кезде анық көрінді. Сот өзінің кеңестік пікірінде Оңтүстік Африка Республикасының Намибия территориясын оккупациялауы заңсыз болғандықтан, БҰҰ мүше-мемлекеттері бұл басып кіру мен Намибияға қатысты істеліп отырған әрекеттерді заңсыз деп тануға міндетті, сондай-ақ, Оңтүстік Африка Республикасының Намибиядағы әкімшілігі құқыққа сай екенін тұспалдап танудан, оған көмек беру мен қолдаудан бас тартуға тиіс деп мәлімдеді.

Танудың құқықтық салдары

Тану мен танудан бас тарту нәтижесінде халықаралық және мемлекеттің өз ішіндегі салаларда бірқатар құқықтық салдар туындайды. Тану көп жағдайда саяси факторларға байланысты десек те, оның құқық саладағы салдары да маңызды.

Алдымен халықаралық салада туындайтын құқықтық салдарына тоқталайық. Көп жағдайда мемлекет пен үкіметті тану жаңа мемлекеттегі нақты жағдайды мойындау болып табылады деп айтуға болады. Дегенмен мемлекетті танудан бас тарту сол мемлекетті халықаралық құқықтағы құқықтары мен міндеттерінен айырмайды. Жалпылай алғанда, мемлекеттің саяси өмір сүруі басқа мемлекеттердің тануына тәуелді емес. Сондықтан мемлекет танылмағанның өзінде ол халықаралық құқықтың субъектісі болып қала береді. Ол өзін агрессия көрсетпеу сияқты шектеулерден азатпын деп есептей алмайды және өзінің территориясын ешкімдікі емес (terra nullius) яғни, ешкімдікі емес деп қарай алмайды.

Халықаралық келісімдерге қол қойған мемлекеттер бұл келісімнің күшін танымаса да, өздерімен қатар қол қойған мемлекеттерге міндетті екендігіне сенімді болуға құқылы. Мысалы, Ұлыбритания Германия Демократиялық Республикасын танудан бас тартса да, оған 1963 жылғы Ядролық сынаққа тыйым салу туралы шартқа қол қойған мемлекет ретінде қараған.



Танудан бас тартқан жағдайда дипломатиялық қатынас орнатылмайды. Сол себепті ол танылмаған мемлекет өзінің халықаралық құқықтары орындалуын талап етуіне кедергі келтіруі мүмкін. Бірақ бұл факт оның халықаралық құқықтары мен міндеттері болатынын жоққа шығармайды. Алайда бұл мәселе муниципалдық құқықта тіпті басқаша реттеледі. Сондықтан қазір тану мен танудан бас тартудың ұлттық, яғни муниципалдық құқықтағы салдарын қарастырамыз.

Тану – негізі саяси акт, саяси мәлімдеме. Сондықтан ол атқарушы биліктің құзыретіне берілген, яғни сот жалпы қағидатқа сай атқарушы биліктің дискрециялық құзіретін мойындап, билік қабылдаған шешімді орындауы тиіс. Соттар мемлекетті немесе үкіметті тани алмайды. Олар тек атқарушы биліктің саяси шешімінен туындайтын құқықтық салдарды қабылдап, оның жүзеге асуын қамтамасыз ете алады.

Кейде тану туралы ресми мәлімдеме мен мәміле жасасуға дейінгі уақыт аралығында жағдайдың құбылуына байланысты соттың бұл мәселе туралы шешім қабылдауында қиындық туындауы ықтимал. Мысалы, Ұлыбритания мен АҚШ соттары қандай да бір мемлекет пен үкіметке қатысты тану мәселесінде атқарушы биліктің шешімдерін басшылыққа алуға міндеттіміз деп санайды.

Егер атқарушы билік қандай да бір мемлекетті немесе үкіметті тану туралы мәлімдеме жасаса, кейін бұл туралы сот жүйесін растайды. Сол куәлік етуге байланысты әлгі мемлекеттің немесе үкіметтің ішкі құқық жүйесіндегі орны өзгертіледі.

Танылған мемлекет мемлекеттік соттарға талап арыз бере алады, кей жағдайда оған қарсы берілген талап арыздан иммунитетке ие болады. Оның өзінің төл атқарушы және заң шығарушы билігінің актілері танылған мемлекеттердің сотында күшіне енеді. Ал оның дипломатиялық өкілдері таныған мемлекеттің территориясында дипломатиялық қызметкерлерге берілетін иммунитет пен артықшылықтарға ие болу мүмкіндігі пайда болады.

Сонымен қатар, осы мемлекеттегі өзіне мұра қалдырушы мемлекеттен немесе үкіметтен қалған мүлікке иелік ету құқығына ие болады. Осыған байланысты бірнеше мысал келтірейік. Мысалы, ұзақ жылдар бойы ағылшын соттары «Ұлыбритания Сыртқы істер министрі тану туралы мәлімдеме жасамаған мемлекет – мемлекет болып танылмайды. Сондықтан Ұлыбританияның ішкі құқығында мемлекетке тиісті иммунитетті талап ете алмайды» деген көзқарасты ұстанып келді. Мысалы, бір істе Ұлыбритания танымаған «Солтүстік Ресейдің Уақытша үкіметінің» сотына қарсы талап арыз қаралды. Сот иммунитет беруден бас тартты. Бұл танылмаған мемлекет немесе үкімет Ұлыбритания сотына шағымданушы ретінде қаралмайтынын білдіреді. Дәл осы қағидаттың негізінде 1804 жылы Берн төңкерісі үкіметінің Англия банкіне сол қаланың бұрынғы әкімшілігіне тиесілі қордағы ақшаны пайдалануға шектеу қою туралы талап арыз беруіне тыйым салынды.

Ағылшын құқығында тану мәселесіне қатысты қаралған тағы бір маңызды кейс – Лютер мен Сагор (Luther v. Sagor) арасындағы іс. Бұл іс ағылшын азаматтарының Ресейдегі ағаш өңдеу фабрикаларын Кеңес үкіметі 1919 жылы мемлекет меншігіне айналдырғанына қарсы берілген талап арызы еді. Жауапкер компания 1920 жылы КСРО-дан біраз ағаш сатып алған. Ал Англиядағы талап арыз иелері «бұл ағаштар біздікі, біздің фабрикадан шыққан ағаштар» деп уәж айтқан. Талапкерлер «Ұлыбритания Кеңес үкіметін тану туралы мәлімдеме жасамаған, сондықтан, Кеңес үкіметінің 1919 жылғы мемлекет меншігіне айналдыру туралы жарлығын ескеруге болмайды» деп мәлімдеді. Төменгі инстанциядағы сот талапкердің уәжімен келіседі. Ақырында іс Апелляциялық сотқа жетеді.

Осы уақыт аралығында Ұлыбритания Кеңес үкіметін де-факто танып, Сыртқы істер министрлігі бұл туралы Апелляциялық сотқа хат жолдаған. Сөйтіп, Апелляциялық сот Кеңес үкіметінің жарлығын ескеруге міндетті болып, талапкер сотта жеңіліп қалады. Өйткені Апелляциялық сот «Кеңес үкіметін де-факто немесе де-юре танудың айырмашылығы бұл іске еш әсері жоқ» деген мәлімдеме жасауға мәжбүр болды. Бұл жердегі тағы бір қызық жағдай – Сыртқы істер министрлігінің хатында «Ұлыбританияның Ресейдегі уақытша үкіметті тануы 1917 жылғы желтоқсанда күшін жоғалтқан» деген жазу еді. Осы жазудың негізінде сот Кеңес үкіметінің құрылған күні сол күннен, 1917 жылдан басталады деген қорытынды жасаған.

Мәселенің мәнісі – Кеңес үкіметінің 1917 жылғы желтоқсаннан бастап КСРО егемен үкіметі ретінде мойындалғанында еді. Танудың кері күші бар екенін және сол үкіметтің билігін



тану туралы мәлімдеме жасаған күннен бастап емес, үкіметтің нақты билігі орнаған күнінен басталатынына байланысты екенін білдіреді.

Осыған қарамастан, расында Совет өкіметін Біріккен Корольдіктер мойындай қойған жоқ.

Малколм Шоудың пікіріне сүйенсек, норманың кері күшін қамтамасыз етудің мақсаты – танылған мемлекеттің ішкі актілеріне байланысты. Әйтпеген жағдайда, танылғанға дейін сол мемлекетте қабылданған заңдарды ағылшын ішкі құқығы елеусіз қалдыруы мүмкін.

Егер Сыртқы істер министрі соттан мемлекетті немесе үкіметті тану мәлімдемесі жасалған күннен бастап мойындауды талап етсе, сот сол талапты орындауға міндетті.

Сол секілді, танылмаған мемлекетпен арада жасалған келісімшарт, заңдық құжаттар ағылшын сотында қолданылмайды. Биліктің саяси әрекеті жасалмаса, танылмаған ұйым Англияның ұлттық соттарында құқықтық субъект ретінде болмайды.

Осыдан біраз бұрын мысалға келтірген Лютердің Сагорға қарсы ісі де-факто танудың құқықтық салдары де-юредегі сияқты болатынын нақты көрсетті.

Сұрақтар

1. Шартты түрде тану кезінде қойылған нақты талаптардың бұзылуы танудың күшін жою керек пе, жоқ па? Пікіріңіз қандай?
2. Тану мен танудан бас тарту ұлттық құқықта қандай құқықтық салдарға әкеліп соғады?
3. *Luther v. Sagor* ісінде көрініс тапқан танудың кері күшіне қатысты сіздің пікіріңіз қандай?

Әдебиеттер

1. J. Crawford, *The Creation of States in International Law*, 2nd edn, Oxford, 2006.
2. C. Daase, C. Fehl, A. Geis, G. Kolliarkis, *Recognition in International Relations*, Basingstoke, 2015.
3. M. Shaw, *International Law*, 345-362 pp.